МКҚК №6 «Аққөгершін»
бөбекжай-балабақшасы

Біртұтас тәрбие бағдарламасы
**«Менің Отаным - Қазақстан»**

Ұйымдастырушы

музыка жетекшісі: Жанабаева Н.Б.

Топ тәрбиешілері

**2024-2025 оқу жылы**

Біртұтас тәрбие бағдарламасы

**«Менің Отаным - Қазақстан»**

**Мақсаты:**

Жас ұрпақты Отанның сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай-қуатты ел екендігін мақтан етуге, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Ұлттық құндылықтарымызды қастерлейтін саналы да парасатты азаматтар тәрбиелеу.

**Жүргізуші:**

Құттықтаймын қазағым,
Республика күнімен.
Бар ғаламға танылсын,
Әнұраным үнімен.

Азаттықтың көк туы,
Желбіресін көгімде.
Бар жақсылық орналсын,
Егемендік елімде.

Қазақ аты танылсын,
Барлық әлем жұртына.
Таңдансын да таң қалсын,
Салт-дәстүрім, ғұрпыма.

**Қазақстан Республикасының «Әнұраны»**

(орындаушылар мектепалды даярлық топтар)

**Тақпақтар:**

1.Ең даласын
Егін жапқан,
Бар баласы
Бақыт тапқан.
Менің жерім,
Туған жерім,
Туған елім –
Күн сәулелі Қазақстан!

2.Аспанымдай мөлдірмін,
Жайлауымдай жазықпын
Өзенімдей өршілмін,
Гүлдерімдей нәзікпін.
Туған елдің ұлымын.
Бақытты етіп өсірген
Отанымның гүлімін.

3.Туған жерім, кең далам
Сенен қуат нәр алам.
Мақтан етем белдеріңді,
Мөлдіреген көлдеріңді
Еркелеймін құшағында,
Гүл теремін бақтарында
Көркейе бер, туған елім,
Гүлдене бер әрқашан.

4.Қазақ жері
Шұғылалы таңымыз,
Қазақ жері – бағымыз
Қойнауынан мөп-мөлдір,
Сусындайды жанымыз.
Қазақ жері-сәніміз,
Мәуесі мол бағымыз
Саясында жетілер,
Балдай бала шағымыз.

**Видиобейнебаян арқылы үзінді көрініс:**

**Би: «Флешмоб»**
(мектепалды даярлық және ересек топтар).

**Ән: «Қазақстан»**
(Ержанова Асылым, Ысқақ Хадия).



